

FTAXP 16.01.11

А.Ж. Аманжол<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ТІЛ ЭКОЛОГИЯСЫНДАҒЫ МАСС-МЕДИАЛЫҚ ДИСКУРСЫҒЫҒЫ РӨЛІ

**Аңдатпа:** Бұл мақалада бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, БАҚ-тың тіл дамуына әсері, сондай-ақ қазіргі БАҚ дискурсының лексикалық-семантикалық ерекшеліктері БАҚ-тың негізгі өнімі ретінде қарастырылады. Бұқаралық ақпарат құралдарында кездесетін қателіктерден тіл экологиясының зардаптары да сөз болады. Мақалада тіл экологиясы арқылы дүниеге келген лингвоэкология, эколлингвистика сияқты ғылыми жаңа бағыттардың негізгі зерттеу нысаны анықталады. Автор ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, қазақтілді БАҚ-тың бүгінгі даму деңгейіне талдау жасайды. БАҚ тілі халықтың сөз мәдениетінің айнасы екені тақырыптың өзектілігін аша түседі.

**Түйін сөздер:** БАҚ, масс-медиалық дискурс, тіл экологиясы, лингвоэкология, тіл мәдениеті, сөз тазалығы.

\*\*\*

**Аннотация:** В данной статье автор рассматривает влияние средств массовой информации на состояние языка, выявляются лексико-семантические особенности современного масс-медийного дискурса как продукта СМИ. Негативное влияние языка СМИ на общую «экологию» языка. Опираясь на мнения общественных деятелей, исследователь делает вывод о том, что язык казахскоязычных СМИ на сегодняшний день недостаточно развит. Актуальность темы обусловлена тем, что язык СМИ является отражением общей культуры языка нации.

**Ключевые слова:** СМИ, масс-медийный дискурс, экология языка, лингвоэкология, культура языка, чистота языка.

\*\*\*

**Abstract:** The given paper outlines the article considers the influence of the media on the state of the language, reveals the lexico-semantic features of modern mass media discourse as a product of the media. the influence of Mass Media Language on the overall purity of the language itself. Taking into consideration opinions of public people the author comes to the conclusion that the language of Kazakh Mass Media is poorly developed. The novelty of the theme is explained by the fact that the language of Mass Media reflects general linguistic culture of a nation.

**Keywords:** mass media, mass media discourse, the ecology of language, language environment, purity of the language.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы тіл ақиқатының маңыздылығын бейнелейтін «Шетел сөздерінің жаңа сөздігінде» «экология» ұғымы негізгі мағынасымен қоса «тазалық, бір нәрсенің дұрыстығы (мысалы, тіл экологиясы)» сияқты қосымша коннотацияға ие [1]. Тіл экологиясы бүгінгі таңда лингвоэкология, эколлингвистика аталып жүрген тұтастай жаңа бір ғылыми бағыттарды дүниеге әкеп отыр. Ол тілдің қалыптасуына негативті ықпал ететін факторларды анықтап, тілдің баюы және одан әрі жандануына септігі тиетін жайттарды зерттеп, зерделеп келеді. Алға қойған мақсаттарды барынша тиімді іске асыру үшін, тіл экологиясы мемлекеттік саясатының негізін қалыптастыруы керек. Ол үшін білімнің, ісқағаздары мен заң тілінің және бұқаралық ақпарат құралдарының (әрі қарай – БАҚ) тілін қалыптастыруы қажет [2].

Қазіргі коммуниктивті кеңістік дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары (газет, телехабар, радио) жүйесінің қарқынды дамуы, компьютерлік ақпараттық технологиялардың пайда болуы, әлемдік ақпараттық кеңістіктің жаһандануы сияқты дүниелермен сипатталады.

Ғалымдар посткеңестік замандағы көркем әдебиет рөлінің төмендеп кеткенін, қазіргі заманда мәнінің жоғалып бара жатқанын айтады. Алайда реципиенттердің сөз талғамын қалыптатыруда масс-медиалық дискурс негізгі қызмет атқарып келеді. Ол әдеби сөзді қолдану, әдеби тілдік норма қалыптастыруда басты рөлге ие болып отыр [3]. Масс-медиалық дискурс дегенде БАҚ жүйесінің барлық өнімін, яғни ауызша және жазбаша мәтіндер кешенін экстралингвистикалық факторлармен бірге қарастырамыз.

Басқа да қоғамдық институттар сияқты БАҚ та тіл тазалығына көңіл бөлуі керек пе? Әлбетте, міндетті түрде. Қазіргі таңда БАҚ тілі неғұрлым жандана түсетін болса, ол өзінің негізгі міндетін жақсы атқарған болар еді. Дұрыс қалыптасқан тіл – тіл мәдениетінің жоғары деңгейі мен қоғам сауаттылығының көрінісі. Себебі тіл – ойлаудың бейнесі ғана емес, ойды қалыптастырады, әр түрлі деңгейдегі адамдар арасындағы қатынасты реттейді, басқарудың, тәрбиенің, ұлттық фактордың біріктіруші әмбебап құралы ретінде әрекет етеді.

Тіл – БАҚ-тың негізгі құралы, қоғамдық пікірді қалыптастырудың ең тиімді нысаны және бұқаралық қарым-қатынастың қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі. Масс-медиа тілі арқылы басқарудың жоғарғы мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Тіл шындықты бейнелеумен қатар реципиенттің қоршаған ортаға деген көзқарасын, олардың нысандарды, оқиғаларды, құбылыстарды оң немесе теріс бағалауына ықпал етеді, осылайша оның қабылдауын басқарады [4].

БАҚ-тың түрлі арнасынан келіп түскен ақпараттарды көпшілік қауым шынайы деп қабылдаса, сол ақпаратты жеткізіп отырған журналисті лауазымды тұлға санауға бейім тұрады. Сол арқылы БАҚ өкілдерінің қоғамдық сананы билеуіне жағдай жасайды. Осыған орай масс-медиа дискурсы, белгілі бір лексикалық бірліктер, сөйлеу екіпіні, сөздердің айтылуы және осы сияқты т.б. мәселелер (мысалы, радио немесе газет бетінен алынған) адамдарға дайын үлгі боп қабылданады да, саналы түрде өзінше бір сөйлеу үлгісі ретінде қолданылады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының «төртінші билік» аталуында үлкен мән бар. Қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдары жүйесі кеңінен қанат жайып, халық тіл мәдениетінің қалыптасуында отбасы және мектеп сияқты әлеуметтік институттармен қатар маңызды рөл атқарып отыр.

Бүгінгі өркениетті даму кезеңімізде радио, теледидар, баспасөз және интернет жүйесі өміріміздің ажырамас бір бөлігіне айналды. Тіл ғылымның да қоғамда жаңа мәдениет қалыптастыруда үлкен рөл атқаратынын ескерсек, қазіргі қоғамдағы тіл қолданудың сын көтермей отырғанына көз жеткіземіз. Әсіресе интернет көздерінен алынған мәліметтер мен баспасөз беттеріндегі мақалалар мәтініндегі тілдік нормаға қайшы қолданыстар жас ұрпақтың тіліне айтарлықтай қиянат жасап отыр. Ең алдымен тілімізге енген кірме сөздер мен оларды орынсыз, сауатсыз қолдану белең алған.

Қазіргі қоғамда көп мағыналы сөздердің мәнін ашу, саяси бағыттағы сөздерді (мысалы: консерватор, патриот, экстремист және т.б.) еркін түсінбеу сияқты мәселелер жиі кездеседі. Мұндай сөздерді екі ұшты түсінікте қолданатын болса, қоғам санасын теріс бағалау арқылы бұрмалайды. Мұндай фактілер тіл басқыншылығының пайда болуына әкеп соғады. Әсіресе бұл құбылыс қазіргі қоғамдық пікірталастарда жиі байқалады.

Тіліміздегі кірме сөздер күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Промоушн, апгрейд, холдинг сияқты кірме сөздерді қазақ тілінің синоним-аналогтерімен ауыстыруға болар еді. Алайда мұндай мүмкіндікті қолдана бермейміз, оның орнына шетелдің заманауи тіліндегі сөздерді дайын күйінде ала салып, оның лексикалық мағынасын жіті түсінбей жатамыз.

Сөйлеу мәдениетіндегі тағы бір өзекті мәселе – тіліміздің жұтандауы, сөз тіркесінің жаңсақтығы, тілдік нормаға сәйкес келмейтін сөздерді жиі қайталау. Тілімізде плеоназмдар мен тавтология жиі кездесетін болды. Қазіргі ұрпақ өз ойларын дұрыс тиянақтай алмай, паразит сөздерді (*сосын, не, тағы, қалай еді және т.б.*) қолдануға биім болып алған. Сонымен қатар өзара семантикалық байланысы жоқ сөздердің тіркесі, семантикалық жағынан мәні жоқ бейберекет сөздер пайда болған.

Мұның барлығы тілдік қарым-қатынас кезінде де, бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі кездеседі. Қазіргі БАҚ тілінде стильдік бейнорма

белең алған. Атап айтқанда, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылғанымен, әдеби тілдің нормасына жатпайтын лексиканы пайдалану жиі кездеседі. БАҚ-тың жазбаша мәтіндеріне көңіл аударатын болсаңыз, белгілі бір бейнені жасау үшін айтылған лексикалық бірліктер жүйесіз қолданылып, автордың айтайын деген ойы сол ойды таңбалауға пайдаланған формамен қабыспай жатады.

Көрермендерді елең еткіземіз деп дау-жанжалды қуалаған журналистер көп жағдайда талғам мен стильді, авторлық тұжырыммен оқырман талабын естен шығарып алады. БАҚ қызметкерлері масс-медиа дискурсының негізгі ерекшеліктерін теріс пайдаланып, соңында қалыпты жағдайды бейнелеп айту, мәнерлі сөйлеу орнына оны агрессияға айналадырып жатады.

Агрессиялық мінез-құлық көбінесе телиеидар мен радиода жүріп жатқан пікірталастарда жиі орын алады. Ғалым А.П.Сковородников БАҚ-тың қазіргі жағдайын талдай келе, лингвоэкологиялық бақылаудың нәтижесінде бұқара тілінің «теріс» үрдісін былайша атап көрсеткен:

- сөздік қор мен фразеологиялық тіркестердің (әсіресе жастар арасында) жұтандығы;
- қазіргі қолданыстағы кей сөздің негізгі мағынасын білмеуі, оларды еркін түсіндіре алмауы;
- дөрекі, былапыт сөздерге шектеу қойылмауы;
- бөтен сөздерді аудармасыз қолдану;
- жаргон сөздердің қолданысқа еркін енуі;
- сауатсыздық.

Қоғамдық үрдістердегі демократиялық жағдай масс-медиа тілінен де көрініс тапқанын айта кету керек. Бұл бағыт сөйлеу тілінің нығаюына, вербалды қарым-қатынастың күшеюіне алып келді. Журналистер әдеби тіл нормасын бұзу арқылы тіл мәдениетінің белгілі бір деңгейде бұрмалануына ықпал етіп отыр. Сол арқылы тіл мәдениетінің қалыптасуына кедергі келтіруде.

Қарқынды дамып келе жатқан бұқаралық қатынас құралдары осы күні қарымды әлеуметтік және коммуникативті-технологиялық әлеуетке ие, сондықтан тіл экологиясы мәселесінде БАҚ-тың алар орны ерекше.

Қазақ тілі – қазақ халқының мәдениетін, тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуші, оларды қайта жаңғыртушы, ұрпақ пен ұрпақтың рухани дүниесін сабақтастырушы құрал ретінде қазақтілді оқырманның экологиялық рухани ортасы.

Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісінде адамгершілік, ізгілік элементтері қоса жүреді. Тілдік қарым-қатынаста, коммуникацияда қоғамдық, моральдық-этикалық принциптер, адамгершілік сезімі тапталмауы, бұзылмауы тиіс. Лингвоэкология тіл дамуының объективті бет-бейнесін көрсете білу керек. Оған төніп отырған қауіп жөнінде қоғамға дабыл қағып, әдеби тілдің тағдырына аландап, белгілі бір

қоғамда тіршілік етіп отырған тілдік орта қамқорлыққа алынып, қорғалуға тиіс. Лингвоэкологияның міндеті мен қарастыратын мәселелерінің құрамына қоршаған тілдік ортаны түрлі ластанудан сақтау, тазалау, сондай-ақ лингвистикалық нигилизммен күрес жүргізу де енеді.

Н.Уәлиұлы: «Гуманитарлық білімді бағаламау, қоғамның әсіресе прагматикашыл көңіл-күйдегі жіктерімен, технократтардың гуманитарлық білімді жоққа шығарушылық көзқарастырымен де күресу, қазіргі қоғамның барша салаларын гуманизациялауға негіз болатын, ағарту істеріне ұйытқы болатын филологиялық білім беру аса қажет», – деп санайды [5]. Сондықтан орта, арнаулы және жоғары оқу орындарының бағдарламасына тіл мәдениеті мен лингвоэкология пәндерін енгізу – бүгінгі лингвоэкологиялық ахуалдан туындап отырған талап.

Лингвоэкологияда қарастырылатын тағы бір мәселеле –сөз тазалығы. Дөрекі, былапыт, анайы сөздер – қоғамның, жеке адамның рухани дүниесіне зиян тигізетін дерт. Қазіргі қоғамда осылардың ашық түрде айтылу қаупі бар. Телеэкранда көрсетілетін мазмұны төмен шетелдік фильмдер әсерінен жастар арасында дөрекі, былапыт сөздер етек ала бастады.

Тілдік ортаның сөз тазалығына нұқсан келтіретін тағы бір себеп – жаргон сөздерге әуестену. Әсіресе өткен ғасырдың 90 жылдарынан бастап қазақ жастары жаргон сөздерге үйірсектене бастады.

Сөйтіп, сөз экологиясының тілдік ортаны бейпіл сөздерден, шетел сөздерін орынсыз қолданудан, жаргондардан, талғамсыз қолданыстардан арылту үшін күрес жүргізуіне алып келді.

Лингвоэкологияда «тіл басқыншылығы» деген деұғым бар. Бөгде тіл басқындышылығы ана тіліміздің қолданыс аясын тарылта бастайды. Тіл өз «үйінде», өз «мекенінде» зардап шегеді. Бөгде тіл алдымен басқару, ақпарат, ғылым-білім саласына үстемдік етіп, салтанат құрады. Мұның өзі ұлттық тілдің зияткерлік, танымдық, ақпараттық әлеуетін әлсірете бастайды. Ондай тілдің, әлемдік қоғамдастықты былай қойғанда, өз ортасында, өз «үйінде» абырой-беделі төмендеп, ана тілін өз тұтынушысы аяқасты етеді. Сөйтіп, бөгде тіл бұрындары қалыптасып қойған тілдік ортаны бұзып, іштей әлсірете бастайды. Сондықтан тілдік ортаға зардап тигізетін тіл басқыншылығына қарсы күресу тетіктерін айқындау, дұрыс жолға қою лингвоэкологияның аса маңызды мәселелеріне жатады.

БАҚ тілінде аудармаға аса көңіл бөлінеді. Аудармаға қойылатын басты талап – автордың стилистикалық ерекшелігін сақтау. Адамдардың келбет-бітімі, жүріс-тұрысы бір-біріне қаншалықты ұқсамаса, олардың сөз саптау машығы да соншалықты алшақ, соншалықты дербес. Ендеше осы бір ерекшелікті айыра білу керек. Аударма ісі – аумағы мен ауырлығы, маңызы мен жауапкершілігі жағынан ең күрделісі. Аударма

жұмысы – еркін көсілуді көтермейтін, адамның бар ынта-жігерін, бар рухани қабілеті мен білім-білігін сарқа пайдалануын талап ететін шығармашылық әрі ғылыми жұмыс. Түпнұсқа мазмұнын өзге тілден аударып беру үшін аударылатын тілдің барлық мүмкіндігін пайдалану қажет болады. Баспасөз бетінде жарияланатын материалдың үлкен бір арнасы аудармаға қатысты екені ескеріліп, оның тіліне қойылатын талаптар күшейтілуі керек. Аудармада этнолингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының деректері қолданылып, ана тіліміздің табиғи заңдылықтары бұрмаланбауы тиіс.

Газет-журнал бетінде, теле-радио хабарларында оғаш, ерсі сөздер мен сөйлемдер кездесіп отырады. Бұл жағдай аудармада ғана емес, қазақ тілінде әзірленген материалдарда да орын алып келеді. Ондай кемшіліктерді мерзімді баспасөз, теледидар арқылы берілетін жүгіртпе жолдардағы жарнамалардан көруге болады. Егер мәтін қазақ тілінде дайындалып, орыс тіліне кейін аударылса, бұл кемшіліктерден біржола құтылар едік. БАҚ тілін, ғалым айтқандай, қазақ тіліне аударсақ, бұл-жаһандану үдерісінде елдігіміздің бір белгісі болары сөзсіз.

Лингвэкологияға нұқсан келтіретін тағы бір фактор – орфографиялық нормадан ауытқу. Дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу – мәдениетті әр адам үшін міндет. Бұл мәселе ұлттық тіліміздің орфографиясы мен орфоэпиясын, грамматикасын жете білуді қажет етеді. Тіл мәдениетінің мәртебесін айқындайтын көрсеткіштің бірі – жазу бірізділігі. Бұл күнде қалыптасқан сөздерді баспа беттерінде түрліше жазу етек алып барады. Тіпті, дау-таласы жоқ ережелерді де бұзып жазып жүрген жайлар жиі кездеседі. Әрине, сауаттылық жайында аз айтылып жатқан жоқ. Баспа беттерінде мақалалар жариялануда, арнайы конференциялар өткізілуде, ол жиындарда да келіскен шешім, ұсыныстар қабылдануда.

БАҚ көздерін бақылап отырған оқырман мерзімді баспасөзді тіл мәдениетінің бір көрінісі деп ұғады. Сол себепті талапқа сай болуы керек.

1978 жылғы орфографиялық сөздікте «*әрқайсы*» деп жазылса (54-бетте), 1988, 2001 жылғы сөздіктерде «*әрқайсысы*» деп жазылған. 1978 жылғы сөздікте «*шет ел*» деп бөлек жазылса, 2007 жылғы сөздікте «*шетел*» деп бірге жазылған, ал басқа сөздіктерде мүлде жазылмаған. 2001 жылғы сөздікте «*көгөніс*», «*көгет*» (анат.), «*шегара*», «*пойыз*», «*пайыз*», «*зауыт*», «*тауар*», «*нөл*», «*нөмір*», «*рөл*», «*қырғұйек*» болып жазылса, 2007 жылғы сөздікте «*көкөніс*», «*көкет*», «*шекара*», «*қыркүйек*» деп жазылған. 1963, 1978, 1988 жылғы сөздіктерде «*артист*», «*артистер*», «*артисі*» деп жазылған да, 2007 жылғы сөздікте бұл сөздің жазылу талабы мүлде көрсетілмеген. «Актер» деген атақ өз рөлінің режиссері болуы керек. Осы сөз бірде *актерлер*, енді бірде *актерлар* болып жазылып жүр. Шетелдің актершыларыменде таныс боларсыздар. Мысалы, *Ақтоқты рөлін сомдау – кез келген актрисаның арманы*.

*Тұрмыс – адам өмірінде маңызды рольге ие. Қоғамның ролін тамаша ойнап шыққан* деген сөйлемдерді де кездестірдік. Сондай-ақ «*Астана балетінің*» әлемдік гастролі... т.с.с.

Күнделікті баспасөзде, теледидарда *әртіс, халық әртісі* болып жазылып жүр. Дұрысы осылай айтылып, осылай жазылғаны жөн болар еді.

Баспасөзде бір сөздің әр түрлі жазылуын, яғни әркімнің қалауынша жазылып жүрген сөздерді көрсете кету артықтық етпес.

1988 жылы жарық көрген орфографиялық сөздікте және соңғы сөздіктерде де «*таңғалу*», «*таңғалушылық*», «*таңғажайып*» болып көрсетілген. Орфографиялық ережеде осылай жазылуы тиіс екені көрсетілген сөздер күнделікті баспасөз беттерінде «*таң қалу*» (кейде *таңқалу*) «*номер*», «*ноль*», «*роль*» болып жазылып жүр.

Қосымшалардың жазылуында да шалағайлық кездесіп жатады. Мысалы: *М.Әуезовтың* (дұрысы *М.Әуезовтің*), *И.Тасмағамбетовтың* (дұрысы *И.Тасмағамбетовтің*), *Х.Досмұхамедовтың* (дұрысы *Х.Досмұхамедовтің*) т.б. Қосымшалар арасында түбірдің соңғы буынына тәуелді болмай, әрқашан өз қалпын сақтап тұратын қосымшалар да бар. Солардың арасында баспа бетінде *-нікі, -дікі, -тікі* қосымшалары көп ұшырасады. Мысалы: *Жұлдыздікі, Мақсаттікі, Динанікі* т.б. Күнделікті баспасөзде *Жұлдыздыкі, Мақсаттыкі, Динаныкі* болып жазылып жүргені жасырын емес. Бас әріптерден қысқарған сөздерге қосымша сол қысқарған форманың буын жағынан айтылу әуенімен үндесе және дыбыс үндестігіне сай, сонымен қатар дефис арқылы жалғанады. Мысалы, *ЮНЕСКО-ның, НАТО-ға, БҰҰ-ның, ҚазҰУ-дың, ҚазҰПУ-дың* болып жазылатын сөздердің көбіне-көп газет-журналда *ҚазҰУ-інің, ҚазҰУ-дің, ҚазҰПУ-інің, ҚазҰТУ-дің* болып жазылып жүргені жиі байқалады. Орфографиялық ережеде цифр арқылы жазылатын есептік саннан кейін ешқандай белгі қойылмайды, ал реттік сан араб цифры арқылы жазылса, саннан кейін дефис (-) қойылады. Яғни дефис (-) деп отырғанымыз *-ыншы, -інші, -шы, -ші* қосымшаларының орнына жүреді. Енді осыған баспасөзден бірер мысал келтірейік. Мәселен, *2017 жыл, 14 қазан, 5 маусым, 2-қабат, 3-сынып, 5-сынып, 3-курс* т.б. болып жазылуы керек сөздер газет-журналда *2017-інші жыл, 10-ыншы маусым, 14-інші қазан, 5-інші желтоқсан; 2 қабат, 3 сынып, 5 сынып* болып жазылып жүр.

Ескерілетін негізгі мәселе – ойдың дәлдігі, фактіні орынды пайдалана білудегі тілдік, стильдік ерекшеліктер. Термин және аударма сөздерге мән беру, әрбір сөйлемнің ақпаратқа сай нақты болуы бірінші орында тұруы тиіс. БАҚ-қа арналған қазіргі зерттеулерде масс-медиалық дискурс қызметін мәдени-ағартушылық жағынан қарастырмайды, себебі ол-маңызды қарқын алып келе жатқан жарнамалық ақпараттың орнын басып жатыр. Бағалы болған публицистикалық сөз «қызметтер» және «тұтынушы қолданатын тауарлармен» теңестіріліп келеді.

Осыған орай тіл экологиясы қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуында қоршаған ортаны сақтау әрі қорғау мәселесімен қатар тұр және мемлекет тарапынан көңіл бөлуді қажет етіп отыр. Мұнымен қоса лингвоэкологияның міндетіне тек тіл мәдениетінің жағдайына зиян келтіретін бұқаралық коммуникацияның теріс аспектілерін анықтау ғана емес, публицист, журналист, саясат және қоғам қайраткерлері шығармасы тілінің сәтті шыққан үлгісін көрсету және оны насихаттауда кіреді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Захаренко Е.Н., Комарова Л.Н., Нечаева И.В. Новый словарь иностранных слов: 25000 слов и словосочетаний. – М.: Азбуковник, 2008. – 1040 с.

2 Сковородников А.П. Экология современного русского языка и роль средств массовой информации в этом процессе (тезисы) [Электронный ресурс] – 2007. - URL:<http://www.gazeta.sfu-kras.ru/node/307> (дата обращения: 12.01.2018).

3 Абдеев Р.Ф. Философия информационной цивилизации. – М.: Владос, 1994. – 336 с.

4 Бурдые П. О телевидении и журналистике. – М.: Институт экспериментальной социологии: Фонд научных исследований «Прагматика культуры», 2002. – С.75

5 Уәлиұлы Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докт....диссертациясы. – А., 2007. – 328 б.

IRSTI 16.01.45

*E. AKKAYA<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Süleyman Demirel Üniversitesi  
Almatı, Kazakistan

### EĞİTİM TEKNOLOJİSİ VE KULLANIMI İLE İLGİLİ TEORİK BULGULAR

**Özet.** Teknoloji kullanımı eğitimi nitelikli hale getirir. Nitelikli eğitim için teknoloji olmazsa olmazdır. Eğitim teknolojisi ve dil öğretimdeki teknoloji kullanımı ile ilgili araştırmalar incelenmiş olup genel olarak problem ortaya çıkarılmıştır. Öğretim teknolojileri ile ilgili yapılan araştırmalar sonucunda bulgular eşliğinde eğitim teknolojisi kavramının teknoloji kısmı teknoloji gelişimi ile paralellik arz ederken eğitim ve öğretim kısmında bu oranda gelişimin olmadığının görmekteyiz. Araştırmada bunun sebepleri ortaya çıkarılmış olup bazı önerilerde bulunulmuştur. Bunların en önemlisi pedagojik